

ББК 84 Қаз 7-44

Е 79

Қазақстан республикасы Ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр.

Есенжанов Х.

Е 79 Жұнісовтар трагедиясы: Роман.— Алматы: Жазу-
шы, 1998.— 320 бет.

ISBN 5-605-00635-5

Халқымыздың көрнекті жазушысы, республика Мемле-
кеттік сыйлығының лауреаты Ҳамза Есенжанов бұл кіта-
бында қазақ жүртілінің жеке басқа табынуышылық кезінде
көрген зұлмат қызындығын, бастап кешкен трагедиясын ше-
бер қаламгер хақында дер кезінде жазған еді. Романың өзі
де қылыштық соқпақтардан өтіп, толық күйінде, оқырман-
дар сұрауы бойынша екінші рет жарияланып отыр.

E **4702250201 – 33** без объявл.– 98
402(05) – 98

ББК 84 Қаз 7-44

ISBN 5-605-00635-5

© „Жазуыш“ баспасы, 1998.

Бұғынгі үрпақ, игілігіне қалдырыған әдеби мұрасы халық, жүргегінде қалтқысыз сақталар қалаулы қаламгерлеріміздің бірі Хамза Есенжановтың сексен жылдық мерейтойы қарсаңында „Жалын“ журналы жан төбірентер бір естелік жариялағаны бар. Жазушының жұбайы София Тастемірова қазір жарты ғасыр өмір кешіп үлгергендер шыр етіп жөргекке түсерде жазықсыз жазаланып, елінен, жерінен аласталса да, қорланған нағыс пен сарыуайым шеріне берілмей, сәті келген сағатында, құндердің құнінде әділдік шырағы бір төрелігін айтар деп жарық дүниеге үмітін, келешекке сенімін сүйеніш тұтқан сергелден тағдырының он жеті жыл бойы ізгілік іздерін жүртшылыққа аяп етті. Қалың оқушыға беймағлұм ең қысталада, қының кездерде дәм-тұз бөлісken мұндай жанашыр, жақын адамдар жазбаларымен, уақыт сынынан өткен қастерлі қазынаның жаңа бір қырларын талқы таразысына тартар замандастар, тұрғыластар көзімен, жеткіншектер көзқарасымен Хамза Есенжановтың суреткерлік, адамгершілік келбеті жан-жақты мұсінделе бермек.

Өнер жолын сонау серіктесу кезеңінде қаршадай жасылын бастаса да, заманы дарытқан қиянат-зорлықтың кермек сорын татып келіп, өкінішті ұзақ, үзілістен кейін, алпысыншы жылдар қарсаңында ғана өзінің көркемдік кемел ойын том-том ғұмырлы кітаптарға айналдыра бастаған қаламгер елу бесінші жылғы азаттық таңынан кейін қалай жұмыс істегенін, келер үрпаққа қандай ғибраттар сыйлағанын біразымыз жақсы білеміз. „Ақ Жайық“ жарыққа шығып, халыққа тараған соң өліп кетсем де арманым жоқ,“ деп бойындағы парасат-білім байлығы, қажыр-қайраты мен қолындағы қаламына жүгінген тума дарын сол мұратына жеткен. Көзі тірісінде халқының құрметіне бөленіп, „Ақ Жайық“ трилогиясы үшін кезеңде — 1967 жылы Қазақ КСР Мемлекеттік сыйлығымен жоғары бағаланған. Сол өрісті, эпикалық туындылар шындығы бау-

ырластырган ғажайып тағдырлар көрінісі — қазғазға түсіү бұрынырақ, болғанымен, жариялануы кейін, жүртшылықта танымал „Көп жыл өткен соң“ романында суреткерлік жалғасын қалай тапқанын сүйсініп талай жазғанбыз да.

Х. Есенжанов романдары — туған әдебиетіміз қорын байытқан, халқымыздың тәңкеріске келу жолы, Азамат соғысы, ұжымдастыру дәүірі, жаңаша өмір іргесін қалаған азаттық ерлерінің ауыр да азапты тағдыры, сұсты, сұрапыл жылдар тартысы қаз-қалпында бейнеленген тарихи таным шежіресі. Ақтар бүлгі Оралда жаңа орнаған жас Кеңес үкіметін құлатып, бостандық шеруін қанға бояйтын он сегізінші жылғы қаралы оқиғадан бастап, біз еркіндік жорығының, жаңаша құрылыш құбылыстарының отызыншы жылдар түсіна дейінгі қылыш кезең, қатерлі белестерін көз алдымыздан өткөреміз. Әділет жақтаушысы Жұніс қажы үрім-бұтағының — төрт ұлы Хакім, Нұрым, Әлібек, Әділбектің тағдыр жолын арқау ете отырып, жазушы қоғамдық, әлеуметтік ірі сілкіністер дәүіріндегі кескілескен керегар мұddeлелер тартысын, сана-сезім күресін, ел, жер, заман өзгерісін, жаңару, түлеу ерекшеліктерін мейлінше нақты халықтық, қарастерлер шындығы аясында жан-жақты мүсіндейген.

Белгілі қайраткерлер Ә. Эйтіев, М. Ипмағамбетов, әйгілі заңгер Бақытжан Қаратаев, өзгерген өмірге бетбұрыс жасаған қалың бұқара өкілдері Мамбет, Қажымұқан, соларға қарсы, өзгеше ұғымдар сойылын соғушы Досмұхамбетовтер, Абылаев, Шұғыл, шырғалаң тағдыр Құныскерей...— біз қайшыласқан қаншама көзқарастар сайысына күә боламыз.

Өз халқының өткен жолын, елдік, ерлік тарихын, атадан балаға жалғасқан адамгершілік, ізгілік дәстүрлерін жете сезінсем деген бүтінгі ұрпақ (келер буын) ешқашан ескерусіз қалдыра алмайтын Х. Есенжанов романдары оқушы жүргегіне жол табуы ғана емес, жүзін жел шалмас көркемсөз қадір-қасиетін бағалай билетін заманымыздың талай әулие-ойшылдары назарына да дер кезінде іліккен. „Еуропа үлгісімен жазылған біздегі бірінші роман“ деп алғашқы кітаптарымен-ақ Мұхтар Әуезовті қуанышқа кепнелткен „Ақ, Жайық“ Михаил Шолоховты да жасандылықтан ада, шынайы шыншылдығымен толғандырган.

Осы өнер байлығын салмақтап талдап, насиҳаттауда бізде қаншама мамандар еңбек сіңірді. М. Қаратаев, Х. Жұмалиев, Ш. Елеуkenov, Х. Әдібаев, М. Атимов, М. Мағауин сияқты талай ондаған талғампаз әдебиетшілер

қауымы Жайық дариясының тереңдік қайнары мен қайырлайтын қайрандарына дейін біршама сөз еткен тәрізді. Біз өз тарапымыздан „Жылдар сазы“ дейтін арнайы зерттеу жұмысын да жариялаған болдық.

Бірақ, таулы өнірде өскендердің бәрі бірдей тау басына шыға бермейді. Жүргөт шетінен альпинист емес. Танымдәрежеміз әр деңгейлігі өз алдына, оның үстіне жазушының қайсыбір әдеби мұрасы — „Жұнісовтер трагедиясы“ романы жылдар жотасында сурленіп, халқына кешеуілдеп жетіп жатса, Х. Есенжановтың суреткерлік мәдениетін жан-жақты сарапал жетілдік деп айта алармыз ба?

Жүртшылық, біле бермеуі мүмкін, мендеткен сырқатқа мойымай, өмірінің соңғы сәтіне дейін қаламын қуат тұтқан қайсар талант халқы алдында азаматтық парызын біржола абыройлы өтеп кетті деп қөнілің қөнши сөз етуге біздің тек енді ғана — бес кітаптан тұратын бүкіл романдар түзілісі түтегендеп қолымызға тигенінен кейін дерегіміз толықтай жеткілікті. Жетпісінші жылдар басында „Жұлдыз“ журналының екі-үш санында осы қорытынды еңбегінің ықшамдалған нобайын жарияладап, көзі тірісінде сол қолжазбасын түгел жарыққа шығара алмаса да, жазушы бүкіл ғұмырын сарп еткен күретамыр тақырыбын — азаттық, күресі, жаңару шежіресін жазу үстелінде көздең қөмбесіне жеткізіп үлгерген. „Ақ Жайық“ трилогиясының табиғи жалғасы „Көп жыл өткен соң“ дилогиясының екінші кітабы „Жұнісовтер трагедиясының“ акырығы сөйлемін қағазға түсіріп, еліне, ізбасар ұрпағына аманат етіп кеткен. Сол аманат қайтарылмаған қарыздай күні кешеге дейін біздің мойнымызда зіл-батпан жүк болып келген.

Жолы ауыр шығарманың бірі осы екен. Өткен күндердің — отызыншы жылдар сүмдігін, әділін айту шектеулі кезеңнің, тоқырау заманының қос үрей сақтығы автор қайтыс болғаннан кейін баспаға дайындар тұстарда шыншыл романының жан тебірентер оқығаларының, ойлы толғаныстарының бәрін аяусыз сыйдырып, қалың жүртшылық көзінен көп шындықты көлегейлеп қалдырыпты. Қолжазбаның тең жартысына жуығы жұлмаланып, қысқартылып, аты да, заты да өзгеріп, „Ағайынды Жұнісовтер“ деген тақырыппен қаңқасы ғана жарияланған 1977 жылғы басылым жазушы шығармаларының кейінгі алты томдық жинағында да сол қалпы қайталана салған (бірлі-жарым парақтардағы

өзгерістер, әрине, назар аударуға тұрмайды). Өнер туындысы кейіпкерлеріне айналған Сәкен Сейфуллин, Бақытжан Қаратаев, Фабит Мұсірепов сынды халық, перзенттерінің жаңын сыйздатып, қабыргасын қайыстырған сонау қысталаң заман қайшылықтарымен қадірмен оқушы енді, міне, „Жүнісовтер трагедиясының“ 1990 жылғы тұнғыш кемел нұсқасы бойынша ғана жан-жақты танысуға мүмкіндік алғып отыр.

Сөз бұйдаға салмай осы игілікке тезірек жету үшін де, әрине, алқалы топ, айтулы мамандар назарын аудартар та-лай ұсыныс-тілектер мерейтой кезінде, баспасөз бетінде көрінгені бар (біздің тарапымыздан — "Жетісу", 22 желтоқсан, 1988). Сол тілектерді ескерусіз қалдырмай, өнер мұрасына жаңаша көзқарас тұрғысынан жанашырық, та-нытып, романды авторлық, нұсқада қайталап жариялаған „Жазушы“ баспасы, сөз жок, қалың жұртшылықты шын мәнінде қуанышқа кенелткені даусыз.

Адамдар тағдыры тәлекекке түскен асыра сілтеу ке-зенінің жалпы ауа-райын бүкпелемей, қаз-қалпында жеткізген сыршыл шығарманың өн-бойынан бұрынғы ба-сылымдарында сылынған ашық, әңгімелер мен қalamгерлік толғаныстарды мүмкіндігінше қара орнына келтіріп, кезеңі келгенде қолжазбаны өндіріске қайта дайындау жұмысы жазушы мұрасын зерттеуші мамандардың бірі ретінде о бастан осы жолдар иесіне тапсырылған. Қыншылықты, жауапкершілікті сезіне отырып, бұл бағытта өз әл-қадарымызша тұпнұсқалық (текстологиялық) біраз шаруа-лар тындырған сияқтымыз. Эйтеуір көңілге медет тұтар жай, жаңа басылымды автор қөзделеген нысанана біршама жеткізе алдық қой деп ойлаймыз. Төрелігі оқушының өз құзырында.

Хамза Есенжановтың қалай жұмыс істегенін, шебер-хана сырын және қандай қиянат жолын өткөргенін жете сезіну үшін таратып айтқанда, ең бастылары:

Жазушы кебежесінде араб ғарпімен жазылған негізгі қолжазбадан басқа, романның көлемі де, мазмұндық ұзын-ырғасы да бір-бірімен сәйкес келе бермейтін машин-каға басылған үш-төрт нұсқасы сақталған еken. Және со-лардың бірінің орысша жолма-жол аудармасы да жасалыпты.

Осыларды өзара салыстыра, текстере келгенде біз олардың бірде-біреуіне бірыңғай байланып қалуға болмайтынын аңғардық. Сырқат сыйздатқан соңғы жылдары ав-тор еңбегін өзі ойлағандай қалпында жарыққа шығара алмайтынын сезінгендіктен бе, әйтеуір әр түрлі

нұсқаларына өз қолымен әр түрлі өзгерістер енгізіп те көріпті (аңы шындықтарды, жан-сезім құбылыстарын бірде жұмсартып, жеңілдетіп, бірде сыйайылат не қоюлатып дегендей).

Біз осылардың бәрін екінші келіп, түлен түрлі нобайдан құрастырып ортақ, бір нұсқа дайындаш шықтық. Алғашқы — 1977, 1980 жылғы басылымдар шығарманың тәң жартысын да қамти алмаса, жаңа кітап көлемі енді, міне, екі еседей асып түсіп отыр.

Бұрын қос бөлім деп тек жобалап берілгені демесеңіз, ең өкініштісі, іс жүзінде роман ортақ белінен — кейінгі „Хакімдер“ бөлімінің соңғы бес тарауы, эпилогы, яғни бүкіл „Ақ Жайық“ трилогиясының, „Көп жыл өткен соң“ дилогиясының ақырғы қорытынды көріністері шорт кесіліп, мұлдем аяқсыз қалып, оқушыға тіпті сұлбасы да жетпеген (кейінірек тек заман беті түзелуіне орай жазушының мүшелтойы түсында бұл алуандас бұрын-соңды жарияланбаған хикаялар желісінің қайсыбір үзінділері „Жұлдыз“ журналы мен „Қазақ әдебиеті“ газетінде жарық көруін кешеуілдеп болса да әйтеуір ұмытылmas өнер туындысына қамқорлық деп бағалауға тиіспіз-ақ). Соның қай-қайсы да қалпына келтіріліп, бұрынғы басылымдарда романның ұзын-ыргасынан жол-жөнекей ойылып, сыйнып қалған тағдыр сергелденінің бұдан да басқа қылыштылық талай көріністері, сыршылдық толғаныстар мен аңы шындықтардың бәрі-бәрі өз орнына түсірілді.

Қай тұсқа жаңадан қандай қосымшалар енгізілгеніне көз жеткізу үшін, түгел тізіп жатпай-ақ, тек мысал үшін, біз ұсынған кейінгі толық, нұсқа мен 1977 жылғы басылымның 121, 123, 136, 145 (II бөлімнің басы — I тарау тұастай жоқ,), 146 — 148, 150, 156 — 158, 160 — 163, 168, 171, 176, 182, 184 (ары қарай біржола жоқ,) беттерін салыстырып қараудың өзі жеткілікті болар. Бұрынғы басылымдарда алынып тасталған көріністер қандай жүк көтеріп тұрғанын және олардың бұл шығарма үшін қаншалықты мәнділігін аңғару тіпті де қиын емес.

Біз жауши үстелінен жоғарыда айтылған араб ғарпілі негізгі қолжазбасында да, машинкаға басылған әр түрлі нұсқаларында да, орысша аудармасында да жоқ, автор тек ғұмыр жетсе кейін жазармын деп орнын қалдырып, белгіліп, аттап кеткен жекелеген көріністер жазбаларын да таптық. Олар — әрқайсысы төрт-бес беттен, кейбіреуі он шақты беттен тұратын он екі тармақ екен. Машинкаға бастыруға да үлгере алмай, қолжазба күйінде (араб әрпі) сақталыпты.

Бұлардың қай-қайсы да кейінгі толық нұсқада өз орнына түсірілді (негізінен екінші бөлімде). Осындай қосымша өзгерістерге орай кейбір тараулар жігін қайта қараған автор қолтаңбасы барынша ескерілді.

Жазушы бұл кітабында ел өмірінің әдеби, көркемдік шындығын қаз-қалпында жеткізумен қатар, халықта есімі аян, тарихи белгілі тұлғалар тағдыры жайында да кең толғана алған. Дәуір рухымен дәлдік тұрғысынан қайшылық кетпесін деп солардың бәрін де ой елегінен өткізуге тырыстық. Сәкен, Фабит, Голощекин желілерін былай қойғанда, қаламгер айырықша назар аударған мұралармен де — Бақытжан Қаратаяев жазбалары, Құныс керей деректерімен де т. б. егжей-тегжейлі танысуымызға тұра келді. Бұлар тұрасында, жалпы бұл романның тарихи негізі, көркемдік тұғырнамалық сара бағыты жайында өз түсінік-танымымызды баспасөз бетінде де, жаңа басылымға жазылған алғысөзімізде де біршама таратып айтқан сияқтымыз. Қайта жасанды жаңа түнделік, шығармалық, тағдыры үшін біз өзімізді қашан да жауаптымыз деп есептейміз.

Ал енді романның толық нұсқасымен емін-еркін танысқаннан кейін осының бәрін ойна бір салмақтап көрелікіні. Төбе шашың тік тұрып, қолжазбаны тістене жұлмалайтындаі нендей сүмдәқпен табысқан екенбіз? Жо-жоқ... Тек лажсыздан уақыт құрбандығы болып, енді ғана тірлігінен тұтас нышан берін отырған тың тараулар бірдемені бұлдіріп алмайық, деп аяқты байқап басар кешегі аса сақтық, „қырағылық“ заманында өздері сзылса да, жақсы жігіттер жұмысынан қуылмай, бала-шага несібесі үшін, баспа редакторы ретінде жан сақтай тұруы үшін күні кешеге дейін мұрагат-қор қазынасында сарғайып, сәтін күте беруге еріксіз мәжбүр болған.

Қаламға өріліп, қағазға құйылғаннан кейін енді өзінің ешқашан құрымайтынын, ғұмыр жасының ұзақтығын сезінген қасиетті мұра жабулы қазан жабулы күйінде, осындай жым-жырттыныштығымен-ақ тірлерді кәдімгідей жебеп келген. Мұны мен, әрине, тек сөз орайына қарай айтып отырмын. Әңгіме жалғыз-ақ, „Жұнісовтер трагедиясын“ өндіріске дайындаған редакторлар үрейіне ғана тіреліп тұрган жоқ, гәп — біз бастан кешкен әкімшілік-билеп тәстеушилік кезеңінің ойлы сөзбен өштескеңдей өзеленген өктемшілік талабында жатыр.

Бүгінгі жадыра-жай жариялышы, тұсында, бүкіл еліміз бойынша талай ондаған жылдар түмшаланған қыруар

қылмыс енді-енді жүзін жалаңаштап, пәренжесін сыпрып, әлеуметтік әділеттілік үміті ақ, желкенін көтерген мынау бастапқы тазару, айығу шеруінде романға қайта бір көз жіберсеңіз, шегің түйіліп шошыну емес, керісінше, жазушының заман шындығын риясыз дәл жеткізуге тырысқан қаламгерлік мұратына мейлінше ризашылық, сезіміне бөлөнесін.

Соншалық, терең суреткерлік шеберлік түрғысынан табына бермеспіз. Әйтсе де автордың кезең көрінісін, адамдар тағдырын мүмкіндігінше қаз-қалпында көз алдыңа келтірер, толғандырар, тебірентер шыннылдық, ерлігіне бас имеске амалың жоқ.

Біз назар аударғалы отырғаң соңғы тараулардың бірінде талшық дәм үшін елінен, жерінен — атамекенінен безуге мәжбүр болған босқын елге басу айту үшін Ақтөбеге сапар шеккен әйгілі ақын Сәкен Сейфуллин да налық шежіресіндей халқының аяулы бір қариясымен — Бақытжан Қаратаевпен жүздеседі. Тозы-тозы шыққан азалы өнірдің сұрақсыз сұмдығын Хакім Жұнісов екеуі аралап көріш, өз атынан, үкімет атынан үндеу таратып, тентіреген қайырышы халықтың бетін бір қайырмакқа жолға шығар алдында Сәкен бүкіл „Ақ Жайық“ романдары оқиғаларының күретамыр тарихи арқауы — атышулы заңгерге сәлемдесуге, ақылдасуға келіп отыр.

Бірер сағаттық сұхбат егіз ел арасының жанын сыздатқан тіршілік қасіреті, асыра сілтеушилік, шолақ, белсенделік сорын жүтқан ауыл адамдары аянышты халі орайында сырласуға жол ашып береді. Байырғы ұзын бойлы, жұмыр денелі адамның торғайдай бүріскең, көзге қораң күрт қобылысын тек төрелігін мықтап дарытқан кәрілік шартымен түсіндіре алмас едік. Өткенге салауат айтып, лұғат ойларын қорытып, болашақты бағдарлар тарихи шолу ғақлияларын жазып жатқан дана қарттың қадірлі қонағына шәйнек ілдіруге де шамасы келмеген жұптыны, жадау түрмисы көп шындықтан хабардар еткендей.

Роман қазірдің өзінде көбіміз жете біле бермейтін біраз деректерді алға тартады. Бақытжан Қаратаев гасыр бастауында, төңкөріс жылдарында халқы үшін иглікті қандай жұмыстар атқарғанын — бәрін-бәрін былай қойғанда, ол 1868-1872 жылдардағы Кіші жүз қазақтарының бас көтеруі жайлы ұзақ өмірінде өзі көрген, естіген, тарихи әдебиеттерден көңілге түйген қыруар мағлұматтарды қағазға түсіріп кеткен адам. Кейінгі ғұламалар, Хакім Жұнісов сияқты жаңа кезең мамандары

үшін, әсіресе келешекте заң, соның ішінде сот құрылысының тарихы жазыла қалса, соларға бір пайдасы тиे ме деп өз ойларын, топшылауларын жеткіншек үрпаққа аманат етіп қалдырган. Әділеттік жолдағы исі қазақтың қашан да тірелер қазығы — әдет-ғұрып заңдары, билер сезі, құн, барымта деген не, оның төрелік байлам-шешімі, бұғінгі заман тынысымен тоғысатын тұстары... — о, біз талдап, талғап, кәдеге асырап қаншама мәселелер қозғалған деңіз мұнда.

Қазақ үкіметін, қазақ автономиясын құруда аянбай еңбек сінірген, жиырмасыншы жылдарда өкімет тәртібін қалыптастыру, сот құрылысын ұйымдастыру, өзгерген заманның жаңаша қағидасына лайық қазылық жүйесін қаз тұрғызу жауапкершілігін абырайлы атқарған тәжірибелі заңгерді мақтаныш тұта отырып, Сәкен Сейфуллин ғадет-ғұрып жоралар тегін тексеруге кіріскең ойлы шалдың ізгілік-еңбегі сәтті аяқталуына ақ тілегін қосқан, сенім артқан.

Қайда енді сол еңбек? Ол өзі суреткерлік сезім жобалаған жазушы қиялының жемісі ме, жоқ, әлде кәдімгідей түрін тұстар тірі еңбек пе, бар еңбек пе? Бар еңбек! Біз оның Орталық мемлекеттік кітапханада — сирек қолжазбалар қорында қазір қандай күйде жатқанын да жақсы білеміз. Егер алда-жадда иман жүзді айтулы мамандарымыз әйгілі заңгер зерттеулерін жарыққа шыгаруға пейіл білдіре қалса, мұндай ізгі қамқорлыққа Хамза Есенжановтың да, оның өлмес мұраларының да баятыдан-ақ, тікелей қатысы болғанын ескермей кетуге тиіс емес. „Жүнісовтер трагедиясы“ романы күн тәртібіне қойған тарихи бір мәселе, міне, осы өрістен де қара шалдырып жатыр.

Елінің ежелгі асыл сөзі мен дәстүрін, ғадет-ғұрпын тұлғау арқылы туар заманның әділдік, адамгершілік тұғырын негіздеуге тырысқан ақылман кәрияның азаматтық мұратына табына отырып, ақын Сәкен романда бір сәт алды-артын ойламай, көсегем енді көгерер дегендеге халқын қан жылатып, қиянат-зорлықтың кеңес кезеңінде зұлымдық, зымияндық бір көріністерін заңдастырып алған шолақ, белсенділер туралы тебірене толғап кетеді. Отызыншы жылдардағы ел күйзелісі төркінін халықтан қол үзген әпербақан басшылардың, сал сойылдардың жексүрындығынан, Б. Қаратаев жазғандай асыл дәстүрлі елдің өзіндік, хас өзгешелік салтын елемей, аяқасты еткен көрсоқырлығынан іздестіреді. Босқын елді мекенине қайтару, жүдегенге азық, тарыққанға жәрдем беру —

дүркірек көтерілген Адайды, құмға тығылған Үргызды, Тайсойған, Бүйректіден бастап, Ойыл, Маңғыстау; Арап бетін түгел атала сөзге жүгіндіру, сабасына келтіру қаншалықты құшке түсерін біз осы тұстарда, сөз жоқ, сөзіне аламыз.

„Жұнісовтер трагедиясы“ жеткізер тағы бір құнды дөрек — жалпы Х. Есенжанов романда шешуші бір желіге айналған мейлінше азалы тағдыр тәлкегі — Құныскерей хикаясы.

Жұрт көзінен түмшаланған төртінші тарауда (II бөлім) алғаш Сәкенге бағышталып, бастау бұлағы анау мұрағат қорында жатқан, шығармада енді Бақытжан әңгімесі түрінде берілетін тарихи толғам өзінің, Хакім Жұнісовтің от алған ортасымен шектелмей, Құныскерей өмірінің де шежіре-тегіш таратқан екен. Құныскерей — есімі елге аян кәдімгі Кейкіман батырмен кіндіктес жанның немересі. Ата жолы — бірі баяғы 1869 жылғы „Ел ауа“ оқиғасы түсында патша әскерімен соғыста қаза тапса, төте әulet қару соғып, қолөнермен айналысып, бір қыырдан бір қыырға, Шам мен Жем бойында түн қатар талай есе қайтару, еркіндік жортуылын бастан кешкен. Кешегі 1916 жылғы дүрбелең, 1917 жылы басталған бостандық, теңдік жорығы Бақытжан толғанысында қазақтың тұқым құған ерлік, тұқым құған дерт деген тәрізді байырғы ұғым-сенімдерімен сабактас, түп тамырын әріден тартқан ғасырлар бойғы халық мұраты, күресінің заңды жалғасы, жаңа белесі ретінде қарастырылады.

Заманына қарай батырлықты да басқаша бір мағына билеп кететіні болады. Батыл әкенің тапқырлығы барымтамен суырылып танылса, Құныскерейдің жойқын күші кек алу жолына бас ұғран. Сөзіне дейін ешкімге несие жібермейтін қайсарлық, құдіреті тағдырының шырғалаң бір сәтінде, о баста әнтек жолмен өзіне бассалған үкімет өкілдеріне қарсыласам деп намыс желігіне берілген де, бас қорғаудың ақыры кек алу, кісі өлімі, жазықсыз төгілген қанға ұласып кеткен.

Біз бұрынғы романдар бойынша жазбаларымызда осы Құныскерейді бірыңғай баукеспе ұры, баскесер, қарақшылық, қияметі тұрғысынан қарастырудың қандай түріне де үзілді-кесілді қарсы шығып, төтенше жағдай, заманы тудырған трагедиялық тұлға ретінде, егер сәті, қажетті шағы туся, түптің тубінде қасіретті қылмысын қасық, қанымен болса да жууға қауқары жетер ересен тағдыр бағытында сөз еткеніміз бар. Мұны шығарманың суреткерлік көрінісі — адалдық, мінез бастауын, характер

құбылысын қадағалау, талдау арқылы жобалағанбыз. Өзге нақтылы дерегіміз жоқ-ты, дилогия әлі бітпеген. Енді, міне, „Жұнісовтер трагедиясында“ заң қызметкерінің көңіл-көзімен сол үгым-танымның тағы бір тиянағын тауып отырмыз. Құныскерей — қылмыскер. Бірақ қандай қылмыскер? Бақытжан Қаратаев ежелгі әдет-ғұрып қағидаларымен де, қазіргі заң жолымен де мұндай істі қорғап шығуға болар еді деп ойлады. Бас қорғап, қару жұмсауды қылмыс деп, сыңаржақ үкімге байланып қалмай, баскесерді баскесер еткен төтенше жағдайлар түбіріне үнілуді мегзейді.

Романның біз үшін айырықша мәнді көркемдік бір шындығы — алтыншы тарауда, осы қандыбалаш, Құныскерей ақырғы сүмдігін „қызықтайдын“ шытырман оқиғалы кесек көріністерде жатыр. Тұзак, торы тарылып, Орал өңірінде енді зауалын тартпай әділ жазадан жан сақтай алмайтынын жете сезінген бойда ол жетімек ұлы Қаршығасын — Ахметше босағасындағы сойқан сүмелегін желіктіре ертіп, сұсты да суыт сапарға біржола бет түзейді. Із кесушілерден кек қайтарудың да қылыш кияметін ойластырып ұлгерген. Тұн асырып табысар шалғайды ата қонысынан жанашыр жандарын жолжөнекей іле тартып, көз көрін, құлақ, естімес ит арқасы бір қиянға қарасын батырмақ. Біз әдетте соғыс өнерінде, майдан даласында көзге түсер қабілетті қолбасылар тәжірибесіндей, әсіресе шебер барлаушылар жымын білдірмес жоспар-жобалардай түпкі мақсат пен нақтылы жағдай ыңғайына негізделген (стратегиялық, тактикалық,) небір айла-шарғы, сақтық, шараларының тікелей куәгері боламыз.

Қаныпезерлігіне кіжінгенмен, есті ойластырылған тапқырлық-құлығына қол қоймай қала алмаймыз. Өз „жаналғышының“ бірін қапияда қолға түсіріп, мазақ қылғандай беталды тентіретіп жіберетін Құныскерей иесіз жұртында өзін есептіретіп қанжығаға сөзсіз бөктердік деп дәмеленген қарулы топ қоршауын да көзсіз көрепендікпен быт-шыт қылып, қанға бояп тайып тұрады.

Үкімет адамдары алдын орап, кепілдікке алып кетіп, әкесі мен әйелінен көз жазған, жарық, дүниеде енді ешқашан кешіруге болмайтын ауыр қылмысты арқалап, Қаршығасын ғана ес тұта, талшық, дәм үшін тұз тағысын торғынын сол дала жыртқышы күндерде бір күн, романның келесі бір көріністерінде босқын елді атамекеніне қайтару әлегімен жүрген баяғы Сәкен Сейфуллинге хат жолдашты, сырын ашып, сенім артыпты. „Бас сауға сұрап әлдекімге

төлмірмей, берер жаңды маң да ламның төрінде, жалғыз тораңғының түбінде көсіліп жатып бір тәңірінің өзіне бергенді байлық көрдім” деп, бетін бақылықта бұрған құнәкар тірлік ақынның азаматтық мерейіне, ел мұддесі үшін істеліп жатқан шараларға салауат айтыпты. „Мениң бас игенім — мына хатты жеткізген жас жігіттің бас игені болсын” деп жартыкеш жетімегі Қаршығаға, әкесі мен шарана сәбіне рахым тілепті.

Тағдыр мәресі, әрине, ашық, қалды. Жазушы Құниске-рейге кесілер қарғыс-үкімді өз аузымен айтқызып, өзін-өзі атамекен, тіршілік думанынан, талақ еткізгендей тағдыр тәлкегімен сауал шептімін оқушының өз төрелігіне тапсырады.

„Жұнісовтер трагедиясы” — шын мәнінде шырғалаң дәүірдің қаралы күйін қайырған, заман келешегі үшін жаңының жылуын жағамын деп күрес жолын таңдаған азаттық, ерлері мен өкінішті ғұмырлардың мұң-мұратын толғаған, үрпақ, жадында сақталар өмірлі өнер сөзінің бірі. Қарап отырсаңыз, өзегінді өртер қаншама трагедиялық ҳал. Астанада күмбезін көтерген тұңғыш білім ордасында дәріс алып, арман жолын құған Әлібек Жұнісов шәкірттік жырларымен көз тұртпекке түскен де, осы романның иесі Хамза Есенжановтай жазықсыз жазаланған. Дүниенің зіл-зәлесін кешіп келіп, қос жанардан айырылып, қарс адым жердегі сүйген қызымен де жүздесуге дәті шыдамай, тек көкірекіндегі құса-шер, үміт шырагымен финалда „Қайран шешемді” аңыратып отыр.

Ақырғы аккорд — көзден ғайып қайран Жайық, жоқтауы мен „Қайран шешем” тақырыбы бір. Мұң-зардан арылу үшін домбыра сарнай берсін. Ал радио ағайынды Жұнісовтер жұрағатының ең кенжесі — ата қонысынан амалсыз жұрт ауыстыруға мәжбүр болған тіршілік тұтқасы Әділбектің Халхин-Гол — Қыры Шығыс майданындағы ерлік хикаясын жалпақ, әлемге жарияладап жатыр.

Жазушы мүмкін сырқат мендеткен соңғы жылында көсіліп кеңірек толғауға жағдайы болмаған шығар, мүмкін оқушыны зар иletіп езе бермейін деді, әлде біз әлі де қолымызға түсіре алмаған жеке көріністер қалқасында қалып қойды,— әйтеір тек эпилогта ғана Ҳакім қаза тапқанын, оның соңынан Оралға барамын деп машинадан құлап, Мендікыз да мәңгілік дүниеден өткенін білеміз. Бірақ ғасырлар бойы атадан балаға жалғасқан Жұнісовтар әулетінің шаңырағы біржола шайқалып, оты өшпегеніне көзің жетеді. Еркіндік жорығына қазақ, зияллыларының келу жолын баянды еткен, талай тағдыр сергелденін бастан

кешсе де, заман жалынан бүкіл бір үрпаққа адамгершілік, әділдік, тазалық, рыздығын сыйласп кеткен Хакім мен Мендиқызыңда жалғыз көзі — бес жасар Нариманы Гүлжиһанның бауырында қалышты. Осы бір келін боп түспей, тірі жесір атанған дәрігер қыздың ғариб-қасерлер үйінен болса да жоғалтқан асылын — Элібегін тауып, жан азабынан сауықтырар аялы алақанға, аналық, мейірімге айнала алатынына еш құдігің қалмайды.

Хамза Есенжановтың А. Пушкин, И. Тургенев, М. Шолохов, И. Шухов шығармаларынан көркем аудармалары, оқу құралдары мен әдеби сындары біздің ружани итілігімізді байытып, ал жұртшылық сарабынан өткен төл романдары орыс тіліне В. Дудинцев, А. Ананьев, В. Новиков, Г. Бельгер, И. Шеголихин аудармалары арқылы туысқан елдер оқырмандарымен де баяғыда-ақ, бауырласып кеткен. Халық пен халықты табыстырар мұндай ізгілік сапарының бір қанатында келешекте „Жұнісовтер трагедиясы“ романы да түндігін көтерсін деп тілейік. Ол үшін ең алдымен өз ана тілімізде қолымызға тиген кейінгі толық, нұсқасын тереңірек тану, насиҳаттау жұмысына белсене араласу парыз. Сонда ғана біз жазушы аманатын бір мұратына жеткіздік деп білеміз.

ЗЕЙНОЛЛАСЕРИКҚАЛИҰЛЫ,

*Халықаралық Алаш
сыйлығының мауреаты*

БІРІНШІ БӨЛІМ

ӘЛІБЕК ПЕН ГҮЛЖИҢАН ЖӘНЕ ӘДІЛБЕК

БІРІНШІ ТАРАУ

1

Бұлқынғандай Алатау,
Жұлқынғандай, ағын су,
Шулағандай мың даусы...
Тасыды ма ұлы өзен,
Ышқынды ма қызыл жел,
Күрсінді ме күрең бел?..

Ілияс

Тосын хат...

Бір үйде тұрып, бір жерде оқитын үш студенттің екеуі почтадан шығып базарға бет алды. Базар жолда еді. Почтага барған сайын оны бір сүзіп өту бес парыздың біріндей. Өйткені қол бос. Қамсыз шақ.

Астанадан аулак, темір жолдан да қашық,abyr-жұбыры кем самарқау қала. Ушудан құлаққа үрган танаңдай десе боларлық. Құні ұзақ, тұні жалпақ.

Оқта-текте кездесетін төтенше уақиға да жоқтың қасы. Жер аударылып келген Троцкийдің дүбірі де саябыр тартқан кез. Жаңалықтың бастысы ауылдан келетін хат қана.

Бұл екеуі почтадан үйде қалған жолдасына келіп жатқан хатқа қоса ақша қағазын да алған. Бұлардың қазіргі әңгімесі осының төңірегінде.

— Мен білсем, бұл тосын хат!

— Болса болар, қыздан ғой!..

— Ақшасы да тосын.

— Иә, кеше ғана елден келген баланың соңына ақша ере жүруі ой салатын жэйт.

— Солай, солай,— десті.

Қарағай құңдақты тау бектеріне иегін сүйеген маңғаз Алматының сол жазда дәүлеті де шалқып жатыр еді.

Әлсін-әлсін себелеген жаңбыр сұына бөгіп, күн көзіне балқыған асыл алқап жер нәубетін аямай сыйлаған.

Қаланың іші де, тысы да толы бау-бақша. Онда басын ін тағзым еткен алма мен алмұрт. Еңсесін көтере алмай қайысқан қара өрік. Ұйысқан жүзім. Тамыз айында-ақ желліп өткен желге шыдай алмай ағаштары жерге көлкесір ала бүйрек шашу шашып жатты. Қаланың ағылтегіл жемісі аздай-ақ, алыстағы Турген мен Шелектен, Талғар мен Шымбұлақтан, Шамалған мен Қаскелеңнен Алматы базарына ағылған керуеннен көз түспейді.

Кіші Станицадан бергі өрге қол созған үлкен базар жұманың жеті күні бірдей ін тірескен қөлік, о шеті мен бұ шетіне тай шалтырарлық алма тиеген арба. Жалғыз жеміс емес, көк базардан арғы кең алаң жексенбі күндері малға да сыймай кетеді. Мал жаз бойы апталап жайылып, айлап жылжып, сонау арқа беттегі сегіз қарыс қар жауса, он қарыс қамысы пана, жері құт Топар мен Құйғаннан, Отар мен Қордайдан шұбырыады. Үйір-үйір жылқы, қорақора қой, мойынға таққан ауыр алқадай, қала сыртын қоршай орап жатады. Бұл базар өз үлесін күнде-күнде еселей беру үшін үзбей алыш жатса да, көзі бар бұлақтай таусылмас тұлік сияқты.

Дәулетті маңғаз қаланың да өзіне сай: бойшаң көшелерді бойлауық, теректермен әдіптең қойғандай, сылдыр үнді бұлақ, сырғалы.

Сол ендең жатқан үлкен базардың шетінен кірген екі студент ат саудалайтын адамдай-ақ, жылқы қатарын жарып өтті.

— Пай-пай, қарны жер сызған мама биeler де бар екен!

— Биені қайтесің, ана бір қара атты айтсайшы, шіркін шекесінен қарайды, қандай аяңшыл екен! Екіндейдің ай қарагандай көз тіктіріп, ауыл сыртынан бара жатсан...

— Бала, сен атқа сын беруді қой. Қара аттан өзге де көз тоқтар жануарлар аз емес. Аяғында тезірек бас, мені Әлібектің хаты ойландырып келе жатыр. Күтпейтін бір тығыз хабар болмағай...

Қара атқа көз тіккен орта бойлы, палуан денелі жас жігіттің аты Оразалы еді. Ал қасындағысы Жақия дейтін ересек студент. Екеуі де кәдімгі Әлібек Жұнісовтің бірге жүріп, бірге тұратын жан жолдастары болатын. Әлібектің хаты ойландырып келе жатыр, „аяғында тезірек бас“ деген Жақия ақылын Оразалы екі еткен жоқ:

— Құп, философ!— деп адымдай түсті.

Енді жолдағы көше-көше болыш тіzlіп тұрған алма толы арбаларды сүзіп, өздеріне жүзі таныс шоқша сақал қара кісіден:

— Жәке, алманы қаншадан сатып тұрсыз? — деп сұрағы Оразалы.

— Ә, келіндер, келіндер. Сендерге тегін, қадақтап, інелектеп алатындарға ақшалы, — деп қара кісі екеуін баурай кетті.

— Жоқ, аға, — деді Жақия мүқамдап сөйлеп, — біз де акынаға аламыз. Өйткені бұл сіздің бағып-қағып, еңбек сіңіріп өсірген жемісініз.

— Қарағым-ау, сендерге қадақтап алудың керегі жоқ, оқушы балаларсындар ғой. Мықтаса, екеуің екі-екіден төрт алма жерсіндер. Онан мына арба ортаймайды, ала беріндер деп үлкендігін байқатайын деген адамша өзі фургонына қарай иегін қақты.

— Дегенмен бізге бұл қымбат жемістің бағасын біліп қойған да теріс емес.

— Біреуі, таңдаулысы, ең үлкені — бір тын, қарағым. Биыл алма бітік. Бір ағаштың байлығы бір үйге қорек. Ала бер, тынысыз-ақ.

— Онда, енді... біз үшеу едік, біреуміз үйде жазу жазып қалды.

— Таңдал алты алма ала ғой.

Оразалы қара кісінің мырзалығына риза болып кетіп:

— Жәке, көп-көп рақмет. Сіз де бізге қонаққа келіп кетіңіз, — деп еді, қара кісі оның сөзін бөліп жіберді.

— Сендер Әбдуәлидің үйіндеі балаларсындар ғой, қол тиген күні кіріп шығармын, қожаларың жақсы адам. Әңгімелесуге, әлгі осында айдалып келген Тrottтың жайын сұрауға, — деді.

Жақия ойланып, жағын сипады, Оразалы таңырқағандай Жақияның бетіне бақты.

— Сіздің „Тrot“ деп тұрғаныңыз Троцкий шығар, ақсақал. Әріне, білгеніңіз жақсы, сіздер көп білсеңіз мына бізге де женіл болады, ертең көп нәрселерді елге баян етуге. Імм, сіз біздің қожайынымызды да танитын адам болып шықтыңыз, бізді де, — деп тамсанды ол.

— Иә, иә, соның өзі. Басында Лен, Trot болып шықты ғой. Қазір оны Лен өлген соң, екінші бір мықты осында қуып жіберіпті деседі.

— „Лен“ емес, Ленин деңіз. Бұзықтық, жасаған соң құған. Дегенмен бұл үлкен мәселе, ақсақал, біз де жетік емеспіз мұның сырына.

— Әріне, әріне, мұны тек Әбдуәли жақсы біледі. Соңан сұрап түсінермін.

— Әбдуәли де сіз сияқты адам ғой, ол біле бермес.

— Жоқ, жоқ, ол кісі бүтін дулатты, мына төмендердегі

ыстыны, албан мен суанды, тіпті Қытайдағы қызайдың да бүге-шігесін қалдырмай аралап шыққан адам. Ол бәрін біледі, қарағым,— деді қара кісі.

Үйдегі жолдасының хатын тез табыс етуге асығып, екі студент қара кісімен қызық әңгімесін ұзуге тырысты.

— Жәке, көп-көп рақмет. Бізге келіңіз. Қутеміз. қазір оқу жоқ, қол бос, көбінесе үйде кітап оқып отырамыз,— деді екеуі қосарлана сөйлеп, тегін алманың төртеуін бір-бірден қалтага салып, екеуін қолдарына ұстап тұрып.

Оразалы арық, қара кісінің әр нәрседен хабардар, тіпті саясат дүниесіне де құлағын түрін жүретін қазақ, екеніне риза болып:

— Қазақты мал бағудан өзге еш нәрсе білмейді дейді жүрт. Әлгі шоқша сақалдың көрдің бе „Лен“, „Трот“ дегін! „Тротты“ осында айдал жіберіпті дейді. Қызық, емес пе, ә?— деді жолдасына, базардан шығып келе жатып.

Жақия тамсана түсті. Бұл — сөзге ұста және „огаш“ сөйлейтін студент-ті. Жолдастары осыған орай „философ“ деген ат қойған. „Анау Пушкин, Анау Белинский“ деп басыбайлы айдар тағуға үйір оқушылар мұны кімге теңдейтінін айналып, „философ“ деп қана кеткен. Сол философ тамсанып алғаннан кейін:

— Қазақ — дана халық,— деді ол байсалды түрде, әдетінше философтығына басып.— Даны халықтың бәрінің де арғы төркіні — мадда. Малды қолға үйретуден бастап даналығы қөзге түседі. Арғы тағы заманда даналық қайдан келсін. Бәрі мал арқылы. Әсіресе ат пен түйе нышқалы ел мен ел араласқан, сонсоң қой болмаса тіршілік сәні де болмас еді. Киім деген жүн мен теріден, сол жүн мен теріні қолдана білуден пайда болған гой. Ал бау, басқұр, текемет, кілем деген әсем жиһаздарды даналықтың жемісі емес деп көрші! Жаңағы базардың, ана қаланың іші-тысы толы маддың иесі кім? Қазақ! Даны қазақ! Ол Троцкийді де, оның мұнда қалай келгенін де, не істеп жатқанын да сұрап, біліп алғысы келіп жатыр. Біліп те алған шығар.

— Эй, осы адам ойламайтын нәрсені ойлайтын, сен де данасың! Мұны енді қоя түр. Ана үйде отырған жігітті хатын оқып болғаннан кейін алып, жаңағы қазекең, айтқан „Тротың“ көрсетейік. Көргенін, білгенін, сезгенін суреттегей қалмайтын Әлібек бұл сабазбен танысыңқырасын. Кейін айттып, оқып отыруға керек. Бір нәрсе жазып тастар. Кәне, аяғында тезірек бас!

— Оразалы, сен асықпа!— деді Жақия тұра қалып.— "Кейін айттып жүрерлік бір нәрсе..." дейсің бе? Ол нәрсені

Әлібек анау күнгі көргеннен кейін-ақ түрте салған. Сырт пішіні дәлме-дәл.

— Оны мен неге көрмедім?

— Мен алып қойғанмын. Міне, тыңда! — Ол асықпай қалтасынан төрг бүктеулі қағаз алды. Она жазып, тараشتап қойды, Сонсоң, — ... Атақты Тронкийді көзбен көрдік. Биыл жиырма сегізінші жыл, Алматыға жер аударылып келді. Жатқан жері біздің жатақхананың қасындағы сырлы темір қақпалы, әдемі үй. Өзі орта бойлы, нық, денелі, шашты, келісті дөңес мұрынды, қызыл шырайлы. Дене бітісі қорғасын құйған сақадай. Шалқақ. Сондықтан да жүрісі салмақты, дік қадамды. Шаша қоңыр, азын-аулақ, ақты жеңдірмей түр, өйткені аса қалың және бүйра. Ал жүзіне айбатты пішін беріп тұрган — қыран көзі кәдімгі томағасын алған бүркітше, төңірегін жалмай қарайды. „Бір өзім“ дейтін жанның қескіні. „Сейлегенде алдында адам бар деп есептемеймін“ дегені дұрыс қауесет шығар. Шешендік — мен-менсіп сөйлеуден де болар... Қасындағылары: толық, ақ, сары, бойы өзімен тең әйел.

Әйелдің мұрны да ана еркектің мұрнындағы дөңестеу келген. Дығалды қолтықтап келе жатыр. Бұл соның әйелі болуы керек; сол қолдағы жас жігіт әйелге тартқан: ақ, сары, бет әлпеті де аумаған, бірақ, нәзік. Жиырма, жиырма бірдегі жігіт шығар. Баласы ма екен? Баласы болса, өзіндегі бола алмас... Айбатты емес. Маңдайы жұқа. Бұл үшеуінің оң жағындағы ұзын, ақ, сары, әскери адам төбесінен қарап келе жатқандай. Үстінде қара сүрік пальто, белінде ағаш кабурлы зор наган, аяғында етік. Фамилиясы Раховский дей ме? Әлде Раковский ме, әйтекеүір бұл да бір белгілі троцкийшіл болса керек... Жүті бір вагон, кітапханасы да бір вагон деседі. Анау күні Іленің жағасына барып қайтыпты. Мұнысы қаңдай саяхат?!

Жел жықпас түбірлі қара еменді түп-тамырымен қопарып тастаған дауыл сияқты, мынаны орнынан ығыстырып жіберген Джугашвили де осал емес екен! Енді не істер?! Міне, саған керегі осы болса! Екінші рет көргенде, Әлібек бұған қосымша не табар?

— Эй, Әлібегім молодец! Біздің қомсомол секретары: „қасқыр көргендей неге анталайсындар — контрга көшешегі жүрттың назарын аударып?“ — деп жекіреді. Көрмесек, көрмей-ақ, қояйықшы! Жарайсың, үндемес Әлібегім! Үндеңі жүріп қағазға көргенін дәл түсіреді. Жалғыз-ақ, осы сурет портретке мынаны қосса: „Екі қошқардың басы бір қазанға сыймайды“ деген сөз данышпандық, сөз...

Жақия үнде меде.

Әлібек үйде бір өзі, терезе алдында, тауға қарап қойып жазу жазып отыр еді.

Бұл үй — Алматы өзеніне таяу Құлжа көшесінде, шағын екі бөлмелі қарағай үй. Қызылордадағы бұрынғы КИНО-да бірге оқып, Алматыда ашылған тырнақ, алды жоғары дәрежелі мектепке келіп бірге түскен үшеуі осы пәтерде тұрған. Тап-таза, жарқыраған бір сәнді үй: ашық терезеден судың сыйдырып үні құлақты тербетеді, сай самалы бетті үрмелеп өтеді; тау тұтас көз алдында, көлбеп жатқан зәулім асқар; ақ, қалпақ, киген Талғар шоқысы терезеден телміріп тұрғандай жап-жақын. Оның иығындағы анталаған сәүкеле қарағайлар қымттай жауып, құндақтап-ақ алған. Әрідегі бұлт құшақтаған зеңгірлер аспан төрінде тіркесіп жылжыған әлем керуендеріндей...

Қараған сайын үшқыр ойды қиял айдынына жетектей жөнелетін сиқырлы асқар бүгін жас жаның ақындық шабытын қоздырып жіберген сияқты. Әлібек қозғалмастан жүрекке құйылған әсерді қағазға сорғалатып жатыр. Тау, өзен, ағаш, самал, жарқыраған күн, дарқан өмір, айнала көркемдік — нәзік ойлы жас жанды әлділеп, тербетіп, баулып алдағы бір асар-аспас қияға дайындал жатқандай. Ол аспандаған сезіммен бұлақтай атқылаған сұлу сөздің тас құшағында...

Есік ашық, жатса да сырттан кірген адамның сыйдыры да естілмеді, қағазға төнген Әлібек оны жақындаپ келіп мойнын созғанын да байқамады. „Тағы да өлең жазып отыр екен! — деді ішінен Оразалы, ақырындаپ кері шегіне түсіп. — Келген хат ешқайда қашпас, оқыр, шабыты келген шақта сілтей түссін”.

Бірақ жолдасы ұзақ күтпеді. Әлібек басын көтеріп алып, қарындашын үстел үстіне тастай берді, өзі орындық да шалқая тусты.

— Шабыт та шаттық, қағазға төгілген шабыт жемісі онан да ләззатты!

Әлібек жалт қарады.

— Сен қашан келдің? Оқып та үлгердің бе?

— Оқығаным жоқ, көз сұғанақтығы менде жоғын өзің білесің.

Әлібектен түрі де, мінезі де өзгеше Оразалы асықпады.

„Сезімтал жігіт жазғанын қазір өзі де оқыр. Шыдамас“ деп ойлады.

— Оқымасаң тыңда! — деді Әлібек жазғанын жариялағанша асығып.

- Құлағым сенде.
— Түрекеліп оқитын бас-аяғы дәңгеленген нәрсе емес,
жай шатпақ, тау әсері.
— Оқи бер, оқи бер!— деді үйге кейінірек кірген
Жақия.

— Көк тіреген асқарым — Алатауым шандозым!
Заманнан бері тас қалған, басымды биік айдарым!
Фасырларды бастан асырған, қартаймас мәңгі қариям!
Мазымас мықты берігім, құн бетінде көлеңкем.
Арқа бетте бас панам.
Биіктік, барлық сұлулық, бір өзіңе тел біткен.
Тіл жетпес асқақ айбарлым!
Шынында жусап бұлт қонып, шоқында бүркіт шанқ еткен.
Қикулы сиқыр тылсымым!
Иығыңа өрмелеген бойлаулық арша мен сыйсын, қарағай.
Самсал тұрған бейне бір қорамсақтағы оғың, сыйың.
Тынымсыз жүгірген күміс сылдырылы асав бұлак, он сан
ойыңды шимайлаң жатыр!
Алқабында жеті өзен, жеті өзенің, — жеті өңір! Жеті
салан бойында, бақ қонған байтақ еліңнің — мыңғырған
малы есепсіз!
Сәнді салан, толған ән, думанды елде би мен күй!
Жеміске толған Атырау, алмаңың, беті — албырт таң,
жайқалған бағың, — жасыл гүл...

— Иә, аргы жағы? — деп қалды қоза бастаған Оразалы
шыдамай.

- Бәрі осы! Тауға қарап отырғанда ауызға түскені.
— Мұны не дейміз? Кескіндеңе дейміз бе? Әлде кел-
беттеме бола ма?
— Не десен, о де.
— Жақсы. Аяғын қутемін. Ал мынау лирика болуы
мүмкін...

Оразалы қалтасынан хат суырды.

Әлібек ұшып түрегелді.

— Маған ба?

— Саған, саған. Әріп сұлбасы қызы саусағы тәрізді,
нәзік көрінеді. Сірә, әлгі Гул... сұлудың қолы шығар-ақ.
Қарашы — Жу-ну-сову дегені орамалға төккен кестедей
тізіліп жатыр.

— Маған хат жаза қоятын кім бар? Әйел қолы! Онда
жеңгемнен шығар.

Оразалының ұсынған хатын Әлібек ашпастан оның
төмендегі адресіне бақты: Орал қаласынан!..

... Мендіқыздың қолы емес, Әлібекке ол өз қолындей
таныс. Бұл да әйел қолы. Бұл кім? Оразалы айтқаңдай,
ұсақтап шалған кесте сияқты әріптері тізіліп түр және ба-
ла қыздың қаламды қағазға қадап жазуы!..

Әлібек көріне толқып кетті. Бетіне қаймақшыған

елжіреу пайда бола қалды, қолы да дір еткендей қимылдағы, конвертті жырта алмай әлкендей. Жаңа ғана Алатаудың айбарлы сипатын ауыз толтырарлық ірі сөздермен бейнелеген еркіндік лебі ұшты-күйді жоғалып кеткендей. Аз сәттің ішінде болжалға жармасса да, оларды түйіп, бірін де жинай алмады. Кенет, жүргегі дүрсілдеп кетті...

„Мен Орал қаласындамын. Бір ай тұрамын ба, бір жыл тұрамын ба, мұны бір құдайдың өзі біледі. Көргің келсе... хат-хабар салғың келсе адресім: Чаган көшесі, 91-үй. Гүлжиһан“.

Қайтадан оқыды. Бірақ хаттың сырсын бірдан ұға алмады. Ол тек Гүлжиһаннан... Гүлжиһаннан... деп ерні жыбырлай берді.

— Не жазылыпты? Қыздан екенін мен шамалап едім,— деді Жақия терезеге қарап тұрып, әдетінше балтап, асықпай сөйлем.

Ол Әлібектің толқығанын да, хаттың мағынасы миына толық жетпегенін де, қайта-қайта оқығанын да көрді, бірақ елемеген болды.

— Гүлжиһаннан...— деді Әлібек, сыйырлағандай елжіреп.

— Иә, Гүлжиһан не жазады?— деді тағы да Оразалы араласып.

— Тұсінгенім жоқ... Тұсініксіз...

— Маган берші.

Әлібек хатты Оразалыға ұстата берді.

— Мен бір жаман хабар жазған екен деп ойлап ем... Миынау мағыналы хат қой. Және өзі шындалып шыққан, қол-аяғы балғадай, өзіне де, өзгеге де жігер құйып тұрған сөздер,— деді Оразалы, оқып шығып жолдасына ойланған көз тастап.— Сен тұсінбедім дейсің. Өте тұсінікті хат...

— Тұсініксіз,— деді Әлібек тағы да.

Оразалы басын шайқады. Ал Жақия бұрылып келіп Әлібектің иығына қолын салды.

— Әлібек, сен бала мінезді жансың, көргеннің, естігеннің сыртқы түрін ғана, әшекейлі жағын ғана ұстап қаласың. Неден байқадың деші? Әлгіден бергі ісің мен мінезіңе сын айттайын ба? Миына хаттың да сыртын көріп тұрсың. Ішіне...

— Айт! Айт!

— Айтсам, алдымен жаңағы көркем сипаттамада Алатаудың кескінін дәл бергенсің. Бірақ тек қана сыртқы түрі, жансыз түрі. Айбарлы түрі, асқар түрі ғана. Неге оның бір ауыз болса да ішкі сырьы айтылмайды. Әлде ішкі сырьы жоқ па?..